

## «Qazaq Dream» жалпыұлттық ашық шығармашылық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. БАЙҚАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

1.1. Байқаудың Ұйымдастырушысы «Kazakhstan Growth Forum» Корпоративтік Қоры, БСН 180840007536, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Манас көшесі, 32а, 207-кеңсе (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.

Байқаудың веб-сайты: qazdream.kgforum.kz

Әлеуметтік желілердегі ресми парақшалардың атаулары мен мекенжайлары:

- Instagram: qazaq\_dream\_kgf
- TikTok: qazaq.dream
- YouTube: Qazaq Dream

### 2. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

2.1. Қатысушылардың жұмыстарын қабылдаудың басталуы – 2026 жылғы 15 маусым.

2.2. Қатысушылардың жұмыстарын қабылдаудың аяқталуы – 2026 жылғы 31 тамыз.

2.3. Қазылар алқасының байқау жұмыстарын іріктеуі – 2026 жылғы 1-31 қазан.

2.4. Қазылар алқасының іріктеуі бойынша финалға шыққан жұмыстарға халықтық дауыс беру – 2026 жылғы 1-30 қараша.

2.5. Жеңімпаздарды анықтау – 2026 жылғы 3 желтоқсан.

2.6. Қатысушылар мен жеңімпаздарды хабардар ету – 2026 жылғы 4 желтоқсан.

2.7. Жеңімпаздарды марапаттау – 2026 жылғы 10 желтоқсан.

2.8. Жеңімпаздарды qazdream.kgforum.kz

сайтында және Ұйымдастырушының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау – 2026 жылғы 11 желтоқсан.

2.9. Ұйымдастырушының шешімі бойынша Фестиваль қорытындылары мен нәтижелерін жариялау мерзімі 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

### 3. ӨТКІЗУ АУМАҒЫ

3.1. Байқау Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

### 4. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

4.1. Байқаудың жалпы жүлде қоры 8 000 000 (сегіз миллион) теңгені құрайды және 4 (төрт) жеңімпаз арасында келесідей бөлінеді:

Номинация	Жұлде көлемі
«Кинематограф» Гран-приі (бейне)	3 000 000 (үш миллион) теңге
«Әдебиет және публицистика» Гран-приі	3 000 000 (үш миллион) теңге
«Кинематограф» халықтық дауыс беру – «Көрермендер жүрек жүлдесі»	1 000 000 (бір миллион) теңге
«Әдебиет және публицистика» халықтық дауыс беру – «Көрермендер жүрек жүлдесі»	1 000 000 (бір миллион) теңге

4.2. Ақшалай жүлделерді төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде көзделген салықтар мен төлемдерді ұстауға сәйкес жүзеге асырылады.

Жұлде қорын төлеу Серіктес тарапынан жеңімпаздардың банк шоттарына ақша аудару арқылы Іс-шара нәтижелері бекітілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

4.3. Ұйымдастырушы Іс-шара жеңімпаздарының дербес деректерін жинауға, өндеуге және беруге келісімдерді жинауды, сондай-ақ жұлде қорын төлеуді жүзеге асыру үшін Серіктеске қажетті мәліметтерді (оның ішінде төлем деректемелерін) беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.4. Төлеу келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- жеңімпаздарды анықтау хаттамасы;
- Т.А.Ә., тұрғылықты өңірі көрсетілген жеңімпаздар тізімі;
- жеңімпаздардың банк деректемелері бар өтініштері;
- Іс-шараның өткізілгенін және нәтижелерін растайтын өзге де құжаттар.

4.5. Серіктес жүргізілген төлемдер туралы растаушы құжаттарды төлемдер жүзеге асырылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға беруге міндеттенеді.

4.6. Ұйымдастырушы Іс-шараның финалдық кезеңін өткізу орны мен күні туралы Серіктесті оны өткізуден кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етуге міндеттенеді.

4.7. Байқау жеңімпаздарын хабардар ету Ұйымдастырушымен тіркеу формасында көрсетілген электрондық пошта немесе телефон арқылы жүзеге асырылады.

4.8. Байқау жеңімпазы Ұйымдастырушыдан тиісті хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде:

- Ұйымдастырушыға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға;
- жүлдені алу үшін қажетті барлық құжаттарға, Ұйымдастырушы ұсынған құжаттарға қол қоюға міндетті.

4.9. Негізгі жеңімпаздар анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы қосымша 3 (үш) резервтік жеңімпазды таңдайды. Олар кезектілікпен жүлдеге ие бола алады, егер қандай да бір себептермен алдыңғы жеңімпаз жүлдені ала алмаса немесе өз еркімен бас тартса.

## 5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

5.1. Байқауға Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның сыртында тұратын, кез келген жастағы, Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі – Қатысушы) қатыса алады.

5.2. Байқауға қатысу үшін:

5.2.1. Байқауға қатысу үшін qazdream.kgforum.kz сайтында өтінімді толтыру қажет:

- «Кинематограф» номинациясы бойынша – бейнероликке сілтемені бұлтты сақтау қоймасына (Google Drive / Яндекс.Диск) орналастыру арқылы жүктеу;
- «Әдебиет және публицистика» номинациясы бойынша – эссені екі форматта: мәтін және авторлық дауыстап оқу түрінде жүктеу.

Әрбір номинацияда Фестивальдың «Қандай Қазақстан сенің арманыңды мүмкін етеді?» тақырыбын қазақ немесе орыс тілдерінде ашу қажет.

5.3. Бейнероликтерге қойылатын талаптар:

5.3.1. Байқауға келесі жалпы, техникалық және мазмұндық ережелерге сәйкес келетін бейнероликтер қабылданады:

- хронометраж: 3 минутқа дейін (титрлерді қоса). Белгіленген хронометраждан асатын жұмыстар байқауға жіберілмейді. Бейнеролик мобильді құрылғыны (смартфон, планшет, фотоаппарат) пайдалана отырып жасалуы керек;
- кіріктірілген түсіру және монтаждау құралдарын да, сыртқы мобильді қосымшаларды (FiLMiC, Moment, Adobe Premiere Rush, CapCut және т.б.) пайдалануға рұқсат етіледі;
- Жасанды интеллектіні (AI) арнайы эффектілер (ретушь, трекинг, маскалар, шуды кетіру, тұрақтандыру, түсті түзету) жасаудың техникалық құралы ретінде ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

5.3.2. Техникалық талаптар:

Параметр	Талап
Ұзақтығы	3 минуттан аспауы керек (титрлерді қоса)
Бағдары	Міндетті түрде: тік (9:16) және көлденең (16:9)
Рұқсаты	1080p (Full HD) кем емес
Файл форматы	MP4
Файл өлшемі	900 Мб-тан аспауы керек
Дыбыстау	Дыбыстық сүйемелдеу, кадрдан тыс дауыс жазбасы немесе субтитрлер
Музыкалық сүйемелдеу	Бейнероликте авторға тиесілі емес немесе құқық иесінің құжатталған рұқсаты жоқ музыка, фильм фрагменттері, суреттер немесе басқа материалдар болмауы керек. Тегін кітапханалардан алынған композицияларды пайдалануға рұқсат етіледі.

5.3.3. Мазмұнға қойылатын талаптар:

- **Формат:** қысқаметражды фильмдер, бейнероликтер.
- **Түрлері мен жанрлары:** көркем, деректі кино. Жанрлық шектеулер жоқ.

#### 5.4. Эссеге қойылатын талаптар:

##### 5.4.1. Жалпы ережелер

5.4.1.1. Эссе — бұл қатысушының жазбаша жұмысы, онда ол «Қандай Қазақстан сенің арманыңды мүмкін етеді?» фестиваль тақырыбын ашады.

5.4.1.2. Негізгі принцип: шынайылық, жеке көзқарас, үлгілердің болмауы.

##### 5.4.2. Мәтінге қойылатын техникалық талаптар:

Параметр	Талап
Көлемі	A4 форматында 3 беттен аспауы керек
Қаріп	Times New Roman
Өлшемі	12
Жоларалық интервал	1
Файл форматы	DOC, DOCX, PDF
Файл атауы	Тегі_Аты_эссе.docx

##### 5.4.3. Эссе мазмұнына қойылатын талаптар:

- **Формат:** қазақстандық арман тақырыбындағы еркін авторлық эссе.
- Эссе түпнұсқа болуы және бұрын еш жерде (элеуметтік желілер, блогтар, басқа байқауларды қоса) жарияланбауы керек.
- **Жанрлары мен стилистикасы:** философиялық, публицистикалық, көркем проза, очерк. Мәтіннің бағыты автордың толық еркінде қалады.

#### 5.5. Байқау жұмыстарына тыйым салынады:

##### **Плагиат және бұзушылықтарды анықтау**

Байқау шеңберінде авторлық құқықтарды бұзу және плагиат деп мыналар танылады:

- Құқық иесінің келісімінсіз бөтен мәтіндерді, сценарийлерді немесе бейне материалдарды толық немесе ішінара көшіру.
- Бөтен шығарманы (оның ішінде шетелдік авторлардың аудармаларын) өзінің түпнұсқа жұмысы ретінде ұсыну.
- Бейне жұмыстарда орналастыру платформаларында немесе Байқаудың ресми сайтында бейненің бұғатталуына әкеп соққан, авторлық құқықпен қорғалған музыкалық тректерді немесе бейне фрагменттерін пайдалану.
- Эссе мәтінін немесе бейне роликті толығымен жасау үшін генеративті нейрожелілерді (AI) пайдалану (AI тек техникалық өңдеудің көмекші құралы ретінде ғана рұқсат етіледі, бірақ идея мен құрылымның авторы ретінде емес);
- саяси үгіт, оның ішінде саяси партиялар, кандидаттар, мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғаларды қолдау немесе оларға қарсы ұстанымдарды білдіру;
- діни көзқарастарды, ілімдерді, культтерді насихаттау, сондай-ақ діни сенімдерді таңуға бағытталған әрекеттер;
- кез келген адамдардың (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: азаматтар, қоғам қайраткерлері, ұйымдар, этникалық және элеуметтік топтар) намысын, абыройын немесе іскерлік беделін қорлайтын мәлімдемелер;
- әдепсіз (сөз) лексиканы, сондай-ақ мағынасы мен эмоционалды бояуы бойынша оған теңестірілетін сөз тіркестерін пайдалану;
- тауарларға, қызметтерге, брендтерге жасырын жарнама.

#### 5.6. Адал емес бәсекелестік әдістерін анықтау және жолын кесу мақсатында Ұйымдастырушы:

- дауыстардың дұрыстығын техникалық бақылаудың антибот-механизмдері мен жүйелерін орнатады;

- дауыс берудің аномальды өсуінің, сондай-ақ олармен байланысты пікірлердің, түсініктемелердің және басқа да белсенділік түрлерінің шынайылығына қолмен (рецензияланатын) тексеру жүргізеді;
- қатысушылардан тартылған дауыстардың адалдығын растайтын қосымша мәліметтерді сұрауға құқылы.

5.6.1. Адал емес бәсекелестік белгілері анықталған кезде Ұйымдастырушының:

- жасанды түрде көбейтілген деп танылған барлық дауыстарды толығымен немесе ішінара жоюға;
- қатысушыны жүлде алу құқығынан айыра отырып (оның ішінде, егер қатысушы финалға шыққан болса) байқаудан шеттетуге;
- жүлдені кезектілікпен резервтік жеңімпазға беруге құқығы бар.

5.6.2. Ұйымдастырушының қатысушыны байқаудан шеттету және/немесе дауыстарды жою туралы шешімі біржақты тәртіпте қабылданады, қатысушының келісімін талап етпейді, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

5.6.3. Ұйымдастырушы қатысушының адал емес бәсекелестікке ниетін дәлелдеуге міндетті емес — нақты пайдаланушылардың қалыпты мінез-құлқына тән емес аномальды белсенділікті көрсететін объективті белгілердің болуы жеткілікті (оның ішінде: қысқа уақыт ішінде дауыс берудің күрт өсуі, мәліметтер орталықтарына тиесілі IP-мекенжайлардан келетін дауыстар, бірдей уақыт белгілері және т.б.).

5.7. Байқауға қатысу арқылы қатысушы мыналарды автоматты түрде растайды:

- бейнероликті, эссені Ұйымдастырушының сайтында және әлеуметтік желілерінде орналастыруға және одан әрі осы Ережеге сәйкес пайдалануға өзінің және үшінші тұлғалардың (егер олар материалдарда пайдаланылса) келісімін;
- егер үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар туындаған жағдайда, материалдар Ұйымдастырушының сайтынан дереу жойылатынына келісімін. Байқау Қатысушысы туындаған шағымдарды өз күшімен және өз есебінен реттеуге міндеттенеді;
- қатысушы өзінің авторлығын растайды және туындының үшінші тұлғалардың зияткерлік, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді;
- «Кинематограф» бағыты бойынша қатысушы пайдаланылатын элементтерге (музыкалық сүйемелдеу, мұрағаттық бейне материалдар, графика және қаріптер) құқықтарды тазарту мәселелерін өз бетінше реттейді.

5.8. Ұйымдастырушының мыналарға құқығы бар:

5.8.1. Ұйымдастырушы Байқау идеяларын тарату және ілгерілету үшін (БАҚ-та, әлеуметтік желілерде) авторлықты міндетті түрде көрсете отырып, байқау жұмыстарының фрагменттерін пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

5.8.2. Егер заңсыз, жала жабатын, бетін ашатын, қорқытатын, порнографиялық, этникалық немесе нәсілдік мағынада қорлайтын немесе қылмыстық құқық бұзушылық деп танылуы мүмкін әрекеттерге, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартуға негіз болуы мүмкін, кез келген заңдарды бұзатын, нашақорлыққа немесе алкоголизмге итермелейтін немесе қандай да бір өзге де себептермен жол берілмейтін материалдар ұсынылған жағдайда, Қатысушыға байқауға қатысудан немесе жүлде алудан бас тартуға.

5.8.3. Егер қатысушылар халықтық дауыс беру кезеңінде адал емес бәсекелестік әдістерін қолданса, оларды байқауға қатысудан шеттетуге.

5.9. Ұйымдастырушының сайтында орналастырылғаннан кейін барлық материалдар осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне тексеруден (модерациядан) өтеді. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша және себептерін түсіндірмей, Байқауға түскен кез келген материалды жоюға құқылы.

## **6. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ МЫНА ЖАҒДАЙЛАР ҮШІН ЖАУАПТЫ ЕМЕС**

6.1. Қатысушылардың осы Ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы (кешіктіріп орындауы) үшін.

6.2. Қатысушының Байқауды өткізу Ережелерін білмеуі салдарынан туындаған жағдайлар үшін.

6.3. Байқауды өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналары мен Интернет желісінің жұмысындағы техникалық ақаулар салдарынан қатысушылардан хаттардың, қоңыраулардың, электрондық хабарламалардың келіп түспеуі үшін.

6.4. Байқауды өткізу және жүлдені беру кезінде қажетті толық емес және (немесе) дұрыс емес байланыс және (немесе) өзге де мәліметтерді қатысушылардан алу үшін.

## **7. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР**

7.1. Байқауға қатысу қатысушының осы Ережелермен автоматты түрде танысуын және келісуін білдіреді.

7.2. Байқауға қатысушы бола отырып, адам егер ол Байқаудың жеңімпазы атанса, Ұйымдастырушының бұл туралы жеңімпаздың аты-жөні, фотографиясы, тұрғылықты қаласы сияқты ақпаратты жариялай отырып, кез келген нысанда жария түрде хабарлауға құқылы екеніне келіседі және Ұйымдастырушыны осындай жария хабарлауға және ақпаратты ашуды мұндай қатысушыға ешқандай сыйақы төлемей-ақ уәкілеттік етеді. Байқау жеңімпазы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңға сәйкес электрондық немесе қағаз форматта дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімге қол қоюға міндеттенеді.

7.3. Байқауға қатысу арқылы қатысушы Ұйымдастырушыға Байқауға қатысу үшін Ұйымдастырушыға ұсынылған өзінің дербес деректерін, оның ішінде: Т.А.Ә., жасы, телефон нөмірі, байланыс электрондық поштасы, сондай-ақ жеке куәлігі мен банк шотының деректемелерін жинауға және өңдеуге Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңнамасына сәйкес келісім береді. Дербес деректерді өңдеу автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе оларсыз дербес деректермен кез келген әрекетті (операцияны) немесе әрекеттер жиынтығын (операцияларды) орындауды, оның ішінде жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, таратуды, беруді (таратуды, ұсынуды, қолжеткізуді), оның ішінде Ұйымдастырушымен жасасқан шарттар негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларға (оның ішінде, заңды тұлғаларға) беруді қамтиды.

7.4. Байқау электрондық байланыс арқылы өткізілетіндіктен және жұмыстар қатысушылармен өз бетінше орналастырылатындықтан, Байқаудың аяқталуы мен жеңімпаздарды анықтау жүлделі орындарға ие болмаған өзге қатысушыларға жұмыстарды қайтару болып есептеледі.

7.5. Осы Ережеде көзделмеген барлық нәрседі Ұйымдастырушы мен қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.